

«Эскроу-шот» режиміндегі банктік ағымдағы шоттың қосылу шарты

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның (бұдан әрі – Эскроу-агент) осы «Эскроу-шот» режиміндегі банктік ағымдағы шоттың қосылу шартында (бұдан әрі – Шарт) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да «эскроу-шот» режиміндегі банктік ағымдағы шотты ашу, жүргізу және жабудың стандартты талаптары белгіленеді.

Эскроу-агенттің уәкілетті органы бекіткен Шарт нысаны Эскроу-агенттің www.halykbank.kz сайтында (бұдан әрі – Эскроу-агенттің сайты) жарияланады.

Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады. Төлеуші және Алушы Шарттың талаптарын Эскроу-агент бекіткен нысан бойынша «эскроу-шот» режиміндегі банктік ағымдағы шотты ашу туралы өтінішті Төлеуші ретінде және Алушының өкілі ретінде Эскроу-агенттің куәландырушы орталығының сервисі арқылы жасалған бұлттық электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландыруы (қол қоюы) арқылы қабылдайды.

Осы Шарт заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер болып табылатын Алушылар мен Төлеушілерге «эскроу-шот» режиміндегі банктік ағымдағы шотты ашуға, жүргізуге және жабуға, төлем қызметтерін көрсетуге, операциялар жасауға және эскроу-шот» режиміндегі банктік ағымдағы шотты жүргізумен байланысты басқа да қызметтерді ұсынуға қолданылады.

Шарт Эскроу-агентке «Onlinebank HALYK» жүйесі арқылы (жүйе Эскроу-агентке тиесілі) Төлеушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған (қол қойылған) Өтініші берілген жағдайда жасалады. Қол қоюға өкілеттігі бар Төлеушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған (қол қойылған) және Эскроу-агент «Onlinebank HALYK» жүйесі арқылы алған Өтініш қағаз тасымалдағышта қол қойылған құжатқа тең болады.

Төлеуші ЭЦҚ-мен куәландырған (қол қойған) Өтініш Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және Төлеушінің, сондай-ақ ол өкілдік ететін Алушының Шартты толығымен оқып, түсініп, ешқандай ескертулер мен қарсылықтарсыз қабылдағанын білдіреді. Егер Эскроу-агентте Төлеушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған (қол қойылған) өтініші болса, Төлеушінің Шартта оның қолының жоқтығына Шарт оқымағанының/түсінбегенінің/қабылдамағанының дәлелі ретінде сілтеме жасауға құқығы жоқ. Өтінішті ЭЦҚ-мен куәландыру (қол қою) арқылы Төлеуші Шарттың барлық талаптарын Төлеуші мен Алушының мүдделері мен ерік білдіруіне толық сәйкес келетіндігін растайды.

1-бап. Шарттың мәні

1.1. Төлеуші мен Алушы арасында жасалған Қызметтер көрсету туралы шартты назарға ала отырып, Төлеуші «Onlinebank HALYK» жүйесі бойынша «эскроу-шот» режимінде банктік ағымдағы шотты (бұдан әрі – Шот) Алушының атына ашу үшін Төлеушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған (қол қойылған) Өтініш жібереді, ал Эскроу-агент Өтінішті қабылдап, Алушының атына Шот ашады және Эскроу-агент Алушыдан мына төмендегілерді алған кезде оларды Алушыға кейіннен беру мақсатында Төлеушіден Шотқа ақша қабылдайды:

1.1.1. Алушы мен Төлеуші қарсылықсыз қол қойған Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) туралы акті (бұдан әрі – Акт) – егер қызмет көрсету туралы шартта Актіге қол қойғаннан кейін қызметтердің құнын толық төлеу көзделсе;

1.1.2. төлем шоты (бұдан әрі – № 1 құжат) – егер қызмет көрсету туралы шартта Актіге қол қойғанға дейін қызметтер құнын толық алдын ала төлеу көзделсе;

1.1.3. төлем шоты (бұдан әрі – № 2 құжат) және Акт – егер қызмет көрсету туралы шартта Актіге қол қойғанға дейін қызметтер құнын жартылай алдын ала төлеу көзделсе.

2-бап. Жалпы сипаттама, қызмет түрлері

2.1. Шот Алушының банктік ағымдағы шоты болып табылады, онда Эскроу-агент Төлеушіден қабылдаған ақшаны депозитке салу шартымен орналастырады (Алушыға Шоттан шығыс операцияларын жасауға тыйым салу, Шотты бұғаттау) және Эскроу-агент Алушыдан Шарттың 1.1-тармағында көзделген құжатты/құжаттарда алған жағдайда ғана Алушының Эскроу-агентте ашылған ағымдағы шотына қолма-қол ақшасыз ақша аудару арқылы берілуі мүмкін.

Алушы Эскроу-агентке Шарттың 4.1-тармағында белгіленген мерзімде сәйкесінше Актіні, № 1 Құжатты, № 2 Құжатты ұсынбаған жағдайда, Эскроу-агент Шоттағы ақшаны Төлеушіге оның Эскроу-агентте ашылған ағымдағы шотына қайтарады.

2.2. Шарт бойынша Эскроу-агент Шот ашады және оны ашуға, жүргізуге байланысты қызметтерді көрсетеді: Төлеушіден қолма-қол ақшасыз аударыммен түскен ақшаны қабылдау және Шотқа аудару, Төлеушінің/Алушының Эскроу-агентте ашылған банк шотына Шоттан ақшаны қолма-қол ақшасыз аудару, Төлеушіге және (немесе) Алушыға Шот туралы ақпарат беру.

2.3. Шартқа қол қойғанға дейін Төлеуші мен Алушы Эскроу-агенттің сайтындағы Шарт нысанымен, тарифтерімен, Шарт жасауға, Шот ашуға қажетті құжаттармен, қызмет көрсету талаптары туралы ақпаратпен танысады.

Төлеушіді, Алушыда сұрақтар туындаған жағдайда, Эскроу-агент туындаған сұрақтарға қатысты оларға кеңес береді.

2.4. Шотқа ақша аудару, Шоттан ақша аудару Төлеушінің, Алушының Эскроу-агентте ашылған ағымдағы шоттарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз тәртіппен ғана жүзеге асырылады.

3-бап. Шот ашу және Шотқа ақша қабылдау

3.1. Эскроу-агент:

3.1.1. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы құжаттар мен ішкі рәсімдерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық экономикалық санкцияларда¹ және Эскроу-агенттің ішкі құжаттарында көзделген Шот ашуға кедергілер болмаған кезде;

3.1.2. Төлеуші Эскроу-агентке Шот ашу үшін қажетті құжаттарды ұсынғанда және (немесе) Эскроу-агент Төлеушімен, Алушымен іскерлік қарым-қатынас орнату үшін қажетті ақпаратты дербес тексергенде Төлеушінің өтініші бойынша Алушының атына Шот ашуды жүзеге асырады.

3.2. Шотты ашқан кезде Эскроу-агент Алушыға Шоттағы ақшаны есепке алу үшін жеке сәйкестендіру кодын (бұдан әрі – ЖСК) береді. Шот ашылғаннан кейін Эскроу-агент Төлеушіге және Алушыға жазбаша нысанда немесе электрондық түрде ЖСК көрсетілген хабарлама жібереді.

3.3. Шоттың валютасы – Қазақстан теңгесі болып табылады.

¹ Қандай да бір халықаралық ұйым, шет мемлекеттің үкіметі немесе шет мемлекеттің уәкілетті мемлекеттік органы енгізген және оларға қатысты санкциялар белгіленген жеке немесе заңды тұлғалармен, мемлекетпен/аумақпен және/немесе оның резиденттерімен сауда, қаржы және өзге де операцияларды/төлемдерді/аударымдарды жүзеге асыруға қатысты ішінара немесе толық тыйым салуды көздейтін саяси, дипломатиялық немесе экономикалық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары.

3.4. Эскроу-агент ақшаны Шоттан Алушының банктік шотына аударған кезде Төлеуші Шотта Алушының ұсынған актісі, № 1 Құжаты, № 2 Құжаты бойынша осындай аударым үшін қажетті мөлшерде соманың болуын қамтамасыз етуге міндетті. Шоттан Алушының банктік шотына ақша аудару үшін қажетті сома Төлеушінің нұсқауы бойынша Шотта біржолғы немесе бөліктер бойынша жинақталуы мүмкін.

Егер Төлеушіден түскен нұсқау бойынша Шотқа аударылатын ақша сомасы Алушы сәйкесінше Актіні, № 1 Құжатты, № 2 Құжатты ұсынған кезде аударылатын қажетті сомадан асып кетсе, Эскроу-агент артық соманы Төлеушінің Эскроу-агентте ашылған ағымдағы шотына қайтарады, егер Алушыға № 2 Құжатты ұсынғаннан кейін тағы да Акт ұсыну қажет болмаса.

Егер Алушы Эскроу-агентке сәйкесінше Актіні, № 1 Құжатты, № 2 Құжатты осындай құжат бойынша Шоттан ақша аудару үшін қажетті сома Шотқа түскенге дейін ұсынса, Эскроу-агент Алушыға Шотты толықтыру қажеттігі туралы хабарлайды.

3.5. Эскроу-агент Төлеушінің Шотқа ақша аудару туралы нұсқауларын Эскроу-агент белгілеген операциялық күн ішінде орындайды.

Операциялық күнді Эскроу-агент өзі белгілейді. Төлеуші, Алушы, олардың өкілдері операциялық күн туралы ақпаратпен сайтта және/немесе Эскроу-агент филиалдарының бөлімшелерінде таныса алады.

3.6. Эскроу-агент Төлеушінің Шотқа ақша аудару туралы нұсқауын орындаудан бас тартуға/нұсқаудың орындалуын тоқтата тұруға құқылы:

- егер төлем құжаты Төлеуші мен Эскроу-агент арасында ақша аудару кезіндегі қорғау шараларының тәртібін бұза отырып берілсе, атап айтқанда, Төлеушінің атынан уәкілетті емес тұлға қол қойған болса;

- егер Төлеуші іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру және (немесе) халықаралық экономикалық санкцияларды бұзу/айналып өту мақсатында пайдаланады деген күдік туындаса;

- Төлеушіге және/немесе Алушыға, олардың аффилиирленген тұлғаларына, кез келген елдің (мысалы, АҚШ, Ұлыбритания, ЕО² және басқалар) немесе халықаралық ұйымның (FATF³, БҰҰ⁴ және басқаларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған бенефициарлық меншік иелеріне қатысты халықаралық экономикалық санкциялар болған жағдайда, оның ішінде Шарт бойынша талаптар мен іскерлік қатынастар Эскроу-агентке шектеулер және (немесе) санкциялар қолдануға әкеп соғуы мүмкін жағдайларда;

- егер Төлеуші және/немесе Алушы халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын бұзса;

- Төлеуші және (немесе) Алушы жасаған операцияларды зерделеу процесінде, оның ішінде мұндай операцияларды Төлеуші және (немесе) Алушы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және (немесе) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру және (немесе) халықаралық

² ЕС – Еуропалық Одақ

³FATF – Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы. Қылмыстық кірістерді жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ) саласында әлемдік стандарттарды әзірлеумен айналысатын, сондай-ақ КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚ ұлттық жүйелерінің осы стандарттарға сәйкестігін бағалауды жүзеге асыратын үкіметаралық ұйым.

⁴ БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және нығайту, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін құрылған халықаралық ұйым

экономикалық санкцияларды бұзу/айналып өту/жалтару мақсатында жасайды, пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда;

- Төлеуші және (немесе) Алушы жасаған операцияларды зерделеу процесінде, оның ішінде Эскроу-агент іскерлік қатынастарды Төлеуші және (немесе) Алушы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және (немесе) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру және (немесе) халықаралық экономикалық санкцияларды бұзу/айналып өту/жалтару мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда;

- Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда не Қазақстан Республикасының резидент емес банкерімен жасалған шарттарда, халықаралық экономикалық санкцияларда көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көзделген негіздер бойынша;

- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Эскроу-агенттің ішкі нормативтік құжаттарында және рәсімдерінде көзделген негіздер бойынша;

- Алушы көрсеткен қызметтердің нәтижесі халықаралық экономикалық санкцияларды бұзу/айналып өту үшін пайдаланылуы мүмкін екендігі анықталған жағдайда.

Эскроу-агенттің оның нұсқауды орындаудан бас тартуы/нұсқаудың орындалуын тоқтатуы, нұсқауды орындаудан бас тарту себебі көрсетілген жағдайда, төлем құжатын алған күні операциялық күн ішінде жүзеге асырылады. Эскроу-агент Төлеушіге нұсқауды орындаудан бас тартуы/нұсқаудың орындалуын тоқтатуы туралы олар келісіп алған тәсілмен хабарлайды. Төлеушінің нұсқауын орындаудан бас тарту күні – осындай хабарлама жіберілген күн болып есептеледі.

Негізді бас тарту жағдайында Эскроу-агент Төлеушінің бас тартуға байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін шығындары мен зияндары үшін жауапты емес.

3.7. Шоттың болуына байланысты, Шоттағы ақшаны пайдалану үшін Эскроу-агент ешқандай сыйақы төлемейді және бермейді.

3.8. Төлеушіден Шотқа алғашқы ақша түскен сәттен бастап Шот тоқтатылады және келісімшартта және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында, халықаралық экономикалық санкцияларда көзделген жағдайларды қоспағанда, одан шығыстар жасалмайды.

4-бап. Шоттан ақша аудару

4.1. Қызмет көрсету шартында көзделген төлем талаптарына байланысты, Алушы Эскроу-агентке қол қойылған Актіні, № 1 Құжатты, № 2 Құжатты Актқа қол қойылған күнінен бастап, № 1 Құжатты, № 2 Құжатты ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады.

4.2. Алушы Эскроу-агентке Шарттың 4.1-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынған жағдайда, Эскроу-агент Шотты бұғаттан шығаруға және ұсынылған құжатқа сәйкес соманы Алушының банк шотына алған күнінен бастап 3 (үш) операциялық күн ішінде аударуға міндетті.

Егер Эскроу-агент Алушыдан Актіні, № 1 Құжатты, № 2 Құжатты алған күні Эскроу-агенттен Шотта ұсынылған құжатқа сәйкес келетін сома болмаса, Эскроу-агент Төлеушіге Шотты толықтыру қажеттігі туралы хабарлайды. Бұл жағдайда Эскроу-агенттің Алушының банктік шотына ақша аудару жөніндегі міндетін орындау мерзімі Төлеушіге Алушы ұсынған құжатқа сәйкес келетін барлық соманы Шотқа аудару үшін қажетті уақытқа ұлғаяды. Эскроу-агенттің бұл жағдайда Алушының Шотқа ақша аудару туралы нұсқауын орындауы Эскроу-агентті Шарт талаптарын орындамағаны/тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ Эскроу-агентке Төлеушіге және (немесе) Алушыға залалдарды өтеу туралы,

оның ішінде мұндай залалдар Төлеуші мен Алушы арасындағы шарттан немесе олардың үшінші тұлғалармен қарым-қатынасынан туындауы мүмкін болған кезде қойылатын талаптарды жауапқа тарту үшін негіз болып табылмайды.

4.3. Эскроу-агент Алушы ұсынған Актіні, № 1 Құжатты, № 2 Құжатты сыртқы белгілері бойынша тексереді. Эскроу-агент ұсынылған акт, № 1 құжат, № 2 құжат негізінде төлеушінің шоттан алушыға ақша аударуға қарсылығын мәні бойынша қарастырмайды.

Егер ұсынылған Актіге Төлеуші мен Алушы немесе олардың біреуі қол қоймаған болса және (немесе) түзетулер, ескертпелер болса, Шоттағы ақша Төлеушіден ақша аударуға жазбаша келісім алғаннан кейін ғана Алушының банк шотына аударылуы мүмкін.

Егер ұсынылған № 1 Құжатқа, № 2 Құжатқа Алушы қол қоймаған болса және (немесе) түзетулер, ескертпелер болса, Шоттағы ақша Алушы № 1 Құжатты, № 2 Құжатты дұрыс ресімдегеннен кейін ғана Алушының банктік шотына аударылуы мүмкін.

4.4. Алушы Эскроу-агентке Шарттың 4.1-тармағында белгіленген мерзімде Актіні, № 1 Құжатты, № 2 Құжатты ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Шарттың 4.3-тармағында көзделген жағдайларда Төлеушіден жазбаша келісім алынбаса/Алушы № 1 Құжатты, № 2 Құжатты дұрыс ресімдемесе, Эскроу-агент Шотты бұғаттан шығарады, Шоттағы ақшаны Төлеушінің банк шотына Алушы Эскроу-агентке Актіні, № 1 Құжатты, № 2 Құжатты ұсынған мерзім өткен күннен бастап, Төлеушіден ақша аударуға келісуден бас тартуды алған күннен бастап, Алушы тиісті түрде ресімделген № 1 Құжатты, № 2 Құжатты ұсынбаған күннен бастап 3 (үш) операциялық күн ішінде қайтарады.

4.5. Эскроу-агент, егер олар Шартта көзделген Шоттан ақша аударумен байланысты болмаса, сондай-ақ мынадай жағдайларда Төлеушінің, Алушының нұсқауын орындаудан бас тартуға/оның орындалуын тоқтата тұруға құқылы:

- егер төлем құжаты қорғау шараларының тәртібін бұза отырып берілсе, атап айтқанда, Алушының, Төлеушінің атынан уәкілетті емес тұлға қол қойған болса;

- Төлеуші, Алушы іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру және (немесе) халықаралық экономикалық санкцияларды бұзу/айналып өту мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда;

- Төлеушіге немесе Алушыға, олардың аффилиирленген тұлғаларына, бенефициарлық меншік иелеріне қатысты кез келген елдің (мысалы, АҚШ, ЕО, Ұлыбритания және басқалар) немесе халықаралық ұйымның (FATF, БҰҰ және басқаларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған халықаралық экономикалық санкциялар болған жағдайда, оның ішінде Шарт бойынша талаптар мен іскерлік қатынастар Эскроу-агентке шектеулер және (немесе) санкциялар қолдануға әкеп соғуы мүмкін жағдайларда;

- егер Төлеуші және/немесе Алушы халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын бұзса;

- Төлеуші және (немесе) Алушы жасаған операцияларды зерделеу процесінде, оның ішінде мұндай операцияларды Төлеуші және (немесе) Алушы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру, халықаралық экономикалық санкцияларды бұзу/айналып өту/жалтару мақсатында жасайды деген күдік туындаған жағдайда;

- Төлеуші және (немесе) Алушы жасаған операцияларды зерделеу процесінде, оның ішінде Эскроу-агентпен іскерлік қатынастарды Төлеуші және (немесе) Алушы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру және халықаралық экономикалық санкцияларды бұзу/айналып өту/жалтару мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда;

- Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген не Қазақстан Республикасының резидент емес банктерімен жасалған шарттарда көзделген жағдайларда «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және

терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген негіздер бойынша;

- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Эскроу-агенттің ішкі құжаттары мен рәсімдерінде көзделген негіздер бойынша.

Эскроу-агенттің нұсқауды орындаудан бас тартуы/нұсқауды орындауды тоқтата тұру бас тарту себебін көрсету көзделген жағдайларда бас тарту себебін көрсете отырып, төлем құжатын алған күні операциялық күн ішінде жүзеге асырылады. Эскроу-агент Алушыға, Төлеушіге олардың арасында келісілген тәсілмен нұсқауды орындаудан бас тарту/нұсқауды орындауды тоқтата тұру туралы хабарлайды. Осындай хабарлама жіберілген күн Алушының, Төлеушінің нұсқауын орындаудан бас тарту күні болып есептеледі.

Негізді бас тарту жағдайында Эскроу-агент сатып алушының, төлеушінің эскроу-агенттің нұсқауды орындаудан бас тартуына/орындауды тоқтата тұруына байланысты шеккен немесе болуы мүмкін шығындары, шығындары үшін жауапты болмайды.

4.6. Шоттағы ақшаға Шарттың талаптарына байланысты іс бойынша сот актісі болмаса, тыйым салуға және құн өндіруге жол берілмейді.

5-бап. Эскроу-агенттің комиссиялық сыйақысы

5.1. Төлеуші Шартта көзделген Эскроу-агенттің қызметтерін Эскроу-агенттің тарифтерінде белгіленген мөлшерде комиссиялар түрінде төлейді.

5.2. Тарифтер Эскроу-агенттің филиалдарының бөлімшелерінде және Эскроу-агенттің www.halykbank.kz сайтында жарияланады.

5.3. Шот ашқанға дейін, қызметтерді алғанға дейін Төлеуші мен Алушы Эскроу-агенттің филиалының бөлімшесінде және/немесе Эскроу-агенттің www.halykbank.kz сайтында тарифтермен танысады. Сондай-ақ, Эскроу-агент алатын комиссиялардың мөлшері туралы ақпарат Эскроу-агентке жүгінген кезде Төлеушіге, Алушыға хабарланады.

5.4. Шарт бойынша қызметт көрсеткені үшін комиссиялар Төлеушінің, Алушының Эскроу-агентте ашылған банктік шоттарынан қолма-қол ақшасыз тәртіппен төленеді.

5.5. Шоттан ақша аударған кезде қызметтер үшін комиссиялар аударым сомасынан бөлек алынады.

Төлеуші тиісті қызмет көрсету басталғанға дейін Эскроу-агентке комиссиялардың төленуін қамтамасыз етуге міндетті.

5.6. Эскроу-агент тарифтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Эскроу-агент тарифтерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды, олар қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын Эскроу-агенттің филиалдарының бөлімшелерінде және Эскроу-агенттің www.halykbank.kz сайтында жарияланады.

6-бап. Эскроу-агенттің, Төлеушінің және Алушының құқықтары мен міндеттері

6.1. Эскроу-агент:

6.1.1. көрсетілетін қызметтер үшін комиссиялық сыйақы алуға;

6.1.2. Шартта көзделген жағдайларда тікелей дебеттеу арқылы Шоттан ақша алуға;

6.1.3. Төлеушіден, Алушыдан Шарт бойынша міндеттемелердің тиісті түрде орындалуын талап етуге;

6.1.4. Эскроу-агент шығыс операцияларын жүргізуден бірнеше рет бас тартқан не Эскроу-агентте және басқа қаржы ұйымдарында ашылған шоттан басқа, Төлеушінің, Алушының банктік шоттары бойынша барлық операцияларды тоқтата тұрған жағдайда Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуға;

6.1.5. қолданыстағы заңнамада және (немесе) Эскроу-агенттің ішкі құжаттарында көзделген мәліметтерді тиісті түрде тексеру/жаңарту жөнінде шаралар қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ іскерлік қатынастарды Төлеуші, Алушы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын бұза отырып пайдалануы мүмкін деген күдік болған жағдайда Төлеушімен, Алушымен іскерлік қатынастарды орнатудан/жалғастырудан бас тартуға;

6.1.6. Төлеушіден, Алушыдан (олардың өкілдерінен) оларды сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды, сондай-ақ салық резиденттігі, қызмет түрі және жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді ұсынуды талап етуге;

6.1.7. Төлеушіден, Алушыдан (олардың өкілдерінен) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Эскроу-агенттің ішкі нормативтік құжаттарында және рәсімдерінде және (немесе) халықаралық экономикалық санкцияларда белгіленген талаптарды орындау шеңберінде көзделген өзге де мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды талап етуге;

6.1.8. қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Эскроу-агенттің ішкі нормативтік құжаттарында және рәсімдерінде көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ Эскроу-агентте Төлеушінің, Алушының/олардың контрагенттерінің операциялары халықаралық экономикалық санкциялардың қолданысына түседі не халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауға негіз болған жағдайда төлем құжаттарын орындауға қабылдаудан бас тартуға;

6.1.9. қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға бағытталған күдіктер болған/ерекше/күдікті операциялар анықталған жағдайда Төлеушінің және (немесе) Алушының операциясын, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар қолданысына түсетін не халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған операцияларды жүргізуден бас тартуға;

6.1.10. Эскроу-агент қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын бұзу/жалтару мақсаттары үшін пайдаланылады деген күдіктер болған жағдайда Төлеушінің және (немесе) Алушының операциясын жүргізуден бас тартуға;

6.1.11. мынадай жағдайларда Төлеушімен, Алушымен Шартты орындаудан біржақты бас тарту жолымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға:

- операцияларды зерделеу барысында Төлеуші, Алушы іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру және/немесе халықаралық экономикалық санкцияларды бұзу/айналып өту мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда;

- Төлеуші, Алушы Эскроу-агентте ашылған банктік шоттар бойынша барлық операцияларды тоқтата тұруға;

- Төлеушіге және (немесе) Алушыға және олардың аффилиирленген тұлғаларына, бенефициарлық меншік иелеріне қатысты кез келген елдің (мысалы, АҚШ, ЕО, Ұлыбритания және басқалар) немесе халықаралық ұйымның (FATF, БҰҰ және басқаларын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған халықаралық экономикалық санкциялар болған жағдайда, оның ішінде Шарт бойынша талаптар мен іскерлік қатынастар Эскроу-агентке шектеулер және (немесе) санкциялар қолдануға әкеп соғуы мүмкін жағдайларда;

- Эскроу-агентте Төлеушінің, Алушының/олардың контрагенттерінің операциялары, оның ішінде келісімшарттар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланылады және/немесе халықаралық экономикалық санкциялар қолданысына түседі не халықаралық экономикалық санкциялардан жалтаруға бағытталған деп пайымдауға негіздер болған жағдайда;

- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Эскроу-агенттің ішкі құжаттары мен рәсімдерінде көзделген жағдайларда;

6.1.12. Шартта, ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға **құқылы**.

6.2. Төлеуші:

6.2.1. Шотты ашу, жүргізу, жабу мәселелері бойынша ақпарат, кеңестер алу;

6.2.2. Эскроу-агенттен, Алушыдан Шарт бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындауды талап етуге **құқылы**.

6.3. Алушы:

6.3.1. Шотты ашу, жүргізу, жабу мәселелері бойынша ақпарат, кеңес алуға;

6.3.2. Эскроу-агенттен, Төлеушіден Шарт бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындауды талап етуге **құқылы**.

6.4. Осы бапта көзделген құқықтардан басқа, Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де **құқықтарға ие**.

6.5. Эскроу-агент:

6.5.1. Төлеушінің, Алушының сұрауы бойынша Шотты жүргізу, Шотты ашу, жүргізу, жабумен байланысты төлем қызметтерін көрсету мәселелері бойынша кеңес беруге;

6.5.2. Төлеуші және Алушымен жасалған тиісті шарттың талаптарына сәйкес «Onlinebank HALYK» жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

6.5.3. Шарт талаптарын тиісті түрде орындауға **міндетті**.

6.6. Төлеуші:

6.6.1. Эскроу-агенттің сұрауы бойынша сұралған құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

6.6.2. Эскроу-агенттің қызметтерін Эскроу-агенттің тарифтеріне сәйкес төлеуге;

6.6.3. өз қызметінде халықаралық экономикалық санкциялардың, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын сақтауға;

6.6.4. санкциялық тізімдерге, террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізіміне, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілген адамдардың пайдасына (тікелей немесе жанама) Эскроу-агент арқылы төлемдер/аударымдар жүргізбеуге, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялармен тыйым салынған операцияларды/төлемдерді/аударымдарды тікелей немесе жанама түрде жасамауға;

6.6.5. халықаралық экономикалық санкциялар енгізілген серіктестердің/контрагенттердің/клиенттердің, олардың құрылтайшыларының, бенефициарлық меншік иелерінің және аффилиирленген тұлғалардың пайдасына тікелей немесе жанама әрекет етпеуге **міндетті**.

6.7. Алушы:

6.7.1. Эскроу-агенттің сұрауы бойынша сұралған құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

6.7.2. Шоттан ақша алу үшін Эскроу-агентке тиісті түрде ресімделген және Алушы мен Төлеуші қол қойған Актіні, ал Алушы өзі № 1 Құжатты, № 2 Құжатты ұсынуға;

6.7.3. өз қызметінде халықаралық экономикалық санкциялардың, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын сақтауға;

6.7.4. санкциялық тізімдерге, террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізіміне, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілген адамдардың пайдасына (тікелей немесе жанама) Эскроу-агент арқылы төлемдер/аударымдар жүргізбеуге, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялармен тыйым салынған операцияларды/төлемдерді/аударымдарды тікелей немесе жанама түрде жасамауға;

6.7.5. халықаралық экономикалық санкциялар енгізілген серіктестердің/контрагенттердің/клиенттердің, олардың құрылтайшыларының, бенефициарлық меншік иелерінің және аффилиирленген тұлғалардың пайдасына тікелей немесе жанама әрекет етпеуге **міндетті**.

6.8. Мына жағдайларда:

- мекенжай, байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы және Эскроу-агентке Шот ашу үшін ұсынылған құжаттардағы басқа да мәліметтер өзгерген, ақша аударымдары, құрылтай құжаттары жоғалған, ұрланған жағдайларда;

- атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, қайта тіркелуі, қайта құрылуы өзгерген және мұндай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын ұсынған кездегі басқа да өзгерістер болған жағдайларда. Эскроу-агент Төлеуші мен Алушының хабарламаларын және растайтын құжаттарды қабылдағаннан кейін ғана Эскроу-агент үшін кез келген өзгерістер жарамды болады;

- Төлеушіні, Алушыны қайта тіркеуді талап етпейтін құрылтай және өзге де құжаттардағы өзге де деректер өзгерген жағдайда;

- басшылар құрамы және олардың жеке басын, Төлеушінің, Алушының жеке басын куәландыратын осы құжаттар өзгерген жағдайда;

- құрылтайшылар/қатысушылар құрамы, Төлеушінің, Алушының бенефициарлық меншік иелері өзгерген жағдайда;

- өкілеттігі, оның ішінде мерзімінен бұрын тоқтатылған, растайтын құжаттарды ұсына отырып, Төлеуші, Алушы өкілдерінің сенімхаттарының күші жойылған жағдайда;

- Төлеуші, Алушы, олардың серіктестері/контрагенттері/клиенттері, құрылтайшылары, бенефициарлық меншік иелері, аффилиирленген тұлғалар санкциялық тізімдерге, террористік қызметке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайда Төлеуші мен Алушы Шартта көрсетілген тәсілмен және тәртіппен Эскроу-агентке дереу хабарлауға міндетті.

6.9. Эскроу-агент Төлеушіге, Алушыға Шоттағы ақша қалдығы және қозғалысы туралы ақпаратты жазбаша сұрау салу бойынша «Onlinebank HALYK» жүйесі арқылы ұсынады.

6.10. Осы бапта көзделген міндеттерден басқа, Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді орындайды.

6.11. Осы арқылы Алушы, Төлеуші Эскроу-агентке Шартта көзделген жағдайларда Шоттағы барлық ақша сомасын Төлеушінің, Алушының банктік шотына оны аудару үшін, Акт, № 1 Құжат, № 2 Құжат үшін қажетті ақша сомасынан асатын ақша сомасын төлем ордері негізінде Төлеушінің ағымдағы шотына аудару үшін тікелей дебеттеу жолымен алып алуына, сондай-ақ төлем ордері негізінде Эскроу-агенттің Шотты ашқаны, жүргізгені, жапқаны, Шарт бойынша өзге де қызмет көрсеткені үшін комиссияларының сомаларын, Шартта көзделген жағдайда Төлеуші және (немесе) Алушы Эскроу-агентке төлеуге тиіс

айыппұл сомасын, Шарт бойынша Эскроу-агенттің қызметтер көрсетуіне байланысты құрылуы мүмкін Төлеушінің, Алушының берешек сомасын Эскроу-агентте ашылған кез келген ағымдағы шоттарынан алып алуына келісімін береді.

7-бап. Құпиялылық

7.1. Эскроу-агент Шартты жасасу, орындау, бұзу кезінде алынған ақпараттың, оның ішінде банктік құпияны құрайтын ақпараттың, дербес деректер субъектілерінің дербес деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етеді және мынадай жағдайларды қоспағанда, оны үшінші тұлғаларға жария етуге жол бермейді:

- бұл ақшаны Шотқа/Шоттан аударуға қатысы бар тұлғаларға мәліметтерді, ақпаратты беру жағдайларын қоса алғанда, Шартты жасасуға, орындауға, бұзуға байланысты қажет болғанда;

- Шарт бойынша құқықтары және міндеттері бар тұлғалар ретінде Төлеуші туралы ақпаратты Алушыға, Алушы туралы ақпаратты Төлеушіге жария ету жағдайында;

- Төлеушінің, Алушының келісімінсіз немесе алдын ала келісімінсіз үшінші тұлғаларға, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, олардың лауазымды адамдарына ақпарат беру Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген кезде;

- Төлеуші мен Алушы Эскроу-агентке банк құпиясын құрайтын ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге келісім берген жағдайда.

Құпиялылығы қамтамасыз етілетін ақпаратқа Өтініштің, Актының, № 1 Құжаттың, № 2 Құжаттың, Төлеуші мен Алушы арасындағы қызмет көрсету туралы шарттың талаптары, Шартты орындау, бұзу процесі жатады.

7.2. Осы арқылы Төлеуші және Алушы Эскроу-агентке Шарт бойынша қызметтер көрсету үшін Эскроу-агентке банк құпиясын құрайтын ақпаратты, Төлеушіге және Алушыға, дербес деректер субъектілеріне және оларға Шарт бойынша көрсетілетін қызметтерге қатысы бар өзге де құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға ашуға өз келісімдерін ұсынады.

Эскроу-агент Қазақстан Республикасының заңнамасында қамтылған талаптарды, шектеулерді сақтай отырып, осындай келісімдерді адал, ақылға қонымды пайдалануға міндетті.

7.3. Шарттың 7.1-тармағында көрсетілген жағдайларда ақпаратты үшінші тұлғаларға ашқан кезде Эскроу-агент ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

7.4. Эскроу-агент Төлеушінің және Алушының, олардың өкілдерінің, қызметкерлердің, аффилиирленген тұлғалардың үшінші тұлғаларға Төлеушіге, Алушыға, олардың өкілдеріне, дербес деректер субъектілеріне, Шотқа, Шот бойынша операцияларға, Шартқа, Төлеушінің, Алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына, оның ішінде банк құпиясын құрайтын, дербес деректерге қатысы бар ақпараттың ашуының салдары үшін жауапты болмайды. Көрсетілген ақпаратты ашу салдарымен байланысты барлық тәуекелдерді Төлеуші мен Алушы өздері көтереді.

7.5. Ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету Эскроу-агенттің, Төлеушінің, Алушының олардың құқықтарын сотта қорғауға құқығын шектемейді.

8-бап. Рұқсат етілмеген аударымдар. Ақша аудару кезіндегі қорғау шаралары

1-бөлім. Рұқсат етілмеген аударымдар

8.1. Эскроу-агенттің Төлеушімен, Алушымен рұқсат етілмеген аударымдар бойынша өзара іс-қимыл жасау тәртібі Эскроу-агент Төлеушімен және Алушымен жасасқан «Onlinebank HALYK» жүйесінде қызмет көрсету туралы шарттармен реттеледі.

2-бөлім. Ақша аудару кезіндегі қорғау шаралары

8.2. Рұқсат етілмеген аударымдардан қорғау шараларының тәртібі «Onlinebank HALYK» жүйесінде қызмет көрсету туралы шартта қарастырылған.

9-бап. Эскроу-агенттің, Төлеушінің, Алушының жауапкершілігі

9.1. Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы Шартқа, оның ішінде осы бапқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік арқалайды.

9.2. Эскроу-агент мыналар үшін жауапкершілік арқалайды:

9.2.1. ақшаны Шотқа аудару және есепке алу үшін Төлеушінің төлем құжатын орындаудан негізсіз бас тартқаны үшін. Егер Төлеуші қызмет үшін комиссия төлеген болса, Эскроу-агент Төлеушіге Төлеуші төлеген комиссия мөлшерінде залалды өтейді. Егер Төлеуші қызмет үшін комиссия төлемесе, Эскроу-агент Төлеушіге осындай комиссияның мөлшерінен аспайтын мөлшерде залалды өтейді;

9.2.2. Эскроу-агенттің кінәсінен Шоттан ақшаны уақтылы аудармағаны үшін ол Төлеушіге оның банктік шотына ақша аударған кезде, Алушыға, оның банктік шотына ақша аударған кезде осындай қызмет үшін алынатын комиссия сомасынан аспайтын мөлшерде зиянды өтейді;

9.2.3. Эскроу-агенттің кінәсінен басқа қаржы ұйымында ашылған Төлеушінің басқа банктік шотынан түскен ақшаны Шотқа уақтылы жатқызбағаны үшін Эскроу-агент Төлеушіге осындай қызмет үшін алынатын комиссия сомасынан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді;

9.2.4. Эскроу-агенттің кінәсінен Төлеушінің немесе Алушының жазбаша хабарламасында көрсетілгеннен өзгеше, Шоттан Төлеушінің немесе Алушының банктік шотына ақшаны қате аударуды жүзеге асырғаны үшін. Бұл жағдайда Эскроу-агент Төлеушіге немесе Алушыға, егер мұндай комиссияны Төлеуші немесе Алушы төлеген болса, қызмет үшін комиссия сомасы мөлшерінде залалды өтейді.

Осы тармақтың 9.2.1 – 9.2.4-тармақшаларында көрсетілген сомаларды алу үшін Төлеуші мен Алушы жазбаша өтінішпен Эскроу-агентке жүгінуі керек. Эскроу-агент Төлеушінің немесе Алушының өтінішін қарағаннан кейін сома Төлеушінің немесе Алушының банктік шотына аудару арқылы төленуі мүмкін.

Эскроу-агент Шарт бойынша Төлеушіге де, Алушыға да жоғалған пайданы өтемейді.

9.3. Эскроу-агент Төлеушімен және Алушымен жасалған «Onlinebank HALYK» жүйесіндегі қызмет көрсету туралы шарттарға сәйкес «Onlinebank HALYK» жүйесінің жұмысындағы ақауларға жауапты.

9.4. Төлеуші, Алушы мыналар үшін жауапкершілік арқалайды:

9.4.1. Эскроу-агентке Шарт бойынша қызметтерді алу үшін толық емес, дұрыс емес ақпарат, жалған құжаттар бергені үшін;

9.4.2. Эскроу-агентке жіберілетін құжаттарға қол қоятын, соның ішінде «Onlinebank HALYK» жүйесі арқылы Эскроу-агентке жіберілетін нұсқауларды, құжаттарды ЭЦҚ-мен куәландыратын (қол қоятын) өкілдерінің әрекеттері үшін;

9.4.3. Эскроу-агентке комиссиялық сыйақы төлеу жөніндегі міндетті орындамағаны, тиісті түрде орындамағаны үшін;

9.4.4. Шартта және Шартқа қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа жағдайларда.

9.5. Төлеуші және (немесе) Алушы Шарттың 4.5-тармағындағы тыйым салуды бұзған жағдайда, Төлеуші және (немесе) Алушы Эскроу-агентке әрқайсысы жеке-жеке жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

9.6. Төлеуші және/немесе Алушы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бөлігінде осы Шарттың талаптарын

және/немесе халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын бұзған жағдайда, Төлеуші және/немесе Алушы Эскроу-агентке осындай бұзушылық/бұзушылықтар нәтижесінде келтірілген залалды/шығынды өтейді.

9.7. Жауапкершілікті алып тастау:

9.7.1. Егер Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісті түрде орындамау дүлей зілзалалар (жер сілкінісі, су тасқыны, өрт, дауыл), әскери қимылдар, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, эпидемиялар, төтенше жағдайлар сияқты еңсерілмейтін дүлей күш жағдайларынан туындаса, Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы оларды орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін, сондай-ақ Шартты орындауды мүмкін етпейтін мемлекеттік органдардың шешімдері үшін жауапкершілік арқаламайды. Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы құзыретті ұйымнан еңсерілмейтін дүлей күш жағдайларының болғанының растауын алуы қажет;

9.7.2. Эскроу-агент Шартта көзделген жағдайларда Төлеушінің, Алушының Шотқа ақша аудару туралы нұсқауын орындаудан бас тартқан/орындауды тоқтатқан жағдайларда Төлеушінің, Алушының алдында жауапты болмайды.

9.7.3. Эскроу-агент Шартта көзделген жағдайларда Шарттан бас тартқан кезде Төлеуші, Алушы шеккен залалдар үшін жауапты болмайды;

9.7.4. Эскроу-агент Төлеушінің, Алушының кінәсі болған кезде, Шот бойынша ақшаны рұқсатсыз аудару бойынша шеккен залалдары үшін жауапкершілік арқаламайды;

9.7.5. Эскроу-агент Төлеушінің Шоттан ақша аудару үшін Шоттағы қажетті ақша сомасын қамтамасыз етпегені немесе Алушы Эскроу-агентке Актіні, № 1 Құжатты, № 2 Құжатты ұсынған кезде Эскроу-агентке тәуелді емес жағдайлар бойынша Шоттан ақша аударудың мүмкін еместігі үшін жауапкершілік арқаламайды. Мұндай жағдайларда Төлеуші мен Алушы өзара қарым қатынасты өздері реттейді.

9.7.6. Эскроу-агент Төлеуші, Алушы Эскроу-агенттің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын, сондай-ақ халықаралық экономикалық санкциялар талаптарын орындауы нәтижесінде шеккен залалдары үшін жауапкершілік арқаламайды.

9.7.7. «Onlinebank HALYK» жүйесінің жұмысында ақаулар болған жағдайда Төлеуші, Алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапты болмайды.

9.8. Сот шешімі бойынша Шоттағы ақшаны өндіріп алудың негізділігі үшін Өндіріп алушы жауапты болады.

10-бап. Шарттың қолданылуы

10.1. Шарт жасалған күнінен бастап күшіне енеді.

10.2. Шарт Шотта қалған ақшаның барлығы Алушыға аударылған күнге дейін, немесе қалған ақшаның барлығы Төлеушінің Шотына қайтарылған күнге дейін, немесе соттың шешімі бойынша қалған ақшаның барлығы Шоттан алынатын күнге дейін, немесе Төлеушінің Шотқа соманы енгізу мерзімі өткен күннен кейінгі күнге дейін, немесе Шартты бұзған күнге дейін қолданылады (қайсысы бұрын басталатындығына қарай).

10.3. Эскроу-агент Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Шарттан бас тартуға құқылы. Эскроу-агент Төлеушіні, Алушыны Шарттан бас тарту негіздеріне байланысты Шарттан бас тарту туралы хабардар ету мерзімін дербес айқындауға құқылы.

10.4. Шарт Төлеушінің және/немесе Алушының бастамасымен Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы арасындағы келісім бойынша, сондай-ақ Шартта көзделген жағдайларда Эскроу-агенттің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

10.5. Эскроу-агент «Onlinebank HALYK» жүйесінде қызмет көрсету шартын Төлеушімен және/немесе Алушымен бұзған жағдайда Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы Шарт бойынша өзара іс-қимылдың одан әрі тәртібін өзара келіседі.

10.6. Шарттың қолданылуын тоқтату, Шартты бұзу Шотты жабу және Шартты тоқтату, бұзу негізіне байланысты және Шарт бұзылатын жағдайларды ескере отырып қабылдануы қажет өзге де әрекеттерді жасау үшін негіз болып табылады.

11-бап. Қорытынды ережелер

11.1. Төлеушінің мен Алушының Шартқа байланысты кез келген құқықтарды немесе міндеттемелерді, оның ішінде құқықтарды (талаптарды) басқаға берген, олардың арасындағы шарт бойынша борышты басқа тұлғаларға аударған жағдайларда Эскроу-агенттің алдын ала жазбаша келісімінсіз беруге немесе аударуға құқығы жоқ. Осы талапты бұза отырып, осындай беру немесе аударудың кез келген әрекетінің заңды күші болмайды және Эскроу-агентке өз міндеттемелерін немесе Шарт бойынша Төлеушінің, Алушының міндеттемелерін сақтау, өзгерту немесе тоқтату үшін қажетті деп санайтын шараларды қолдануға мүмкіндік береді.

11.2. Шарт қолданылу мерзімінде Төлеуші, Алушы және Эскроу-агент арасындағы қарым-қатынастарда қызметтер көрсету кезінде Шотты ашу, Шоттан ақша аудару, төлем құжаттарын пайдалану үшін қажетті құжаттарды беруден басқа, Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы бір-біріне жазбаша хабарламалар, оның ішінде Шартта тікелей көзделген жағдайларда жібере алады және мұндай жазбаша хабарламалар Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы:

11.2.1. «Onlinebank HALYK» жүйесі арқылы - жіберілген күні;

11.2.2. қолма-қол (курьер арқылы) жіберілген кезде - тиісті белгі қойып алған күні;

11.2.3. тапсырыс хатпен жөнелтілген кезде – жөнелтілгеннен кейін күнтізбелік 4 (төртінші) күні (жөнелтілген кезде пошта ұйымы берген құжаттың күні бойынша) тиісінше алған болып есептеледі.

11.3. Эскроу-агент жасалған Шарт бойынша Төлеуші мен Алушы арасындағы, Төлеуші, Алушы және үшінші тұлғалар арасындағы дау бойынша сот талқылауына тартылған жағдайда, Эскроу-агент шеккен кез келген шығындар, сондай-ақ Эскроу-агенттің Төлеушімен, Алушымен қарым-қатынасы нәтижесінде туындауы мүмкін, Эскроу-агенттің тарифтерге сәйкес комиссиялық сыйақы алуымен байланысты емес кез келген өзге шығындары тиісінше Төлеушінің, Алушының шотына жатқызылады. Эскроу-агент Төлеушіге, Алушыға шығындар сомасын көрсете отырып, төлеу үшін Шотты/Шоттарды ұсынады. Төлеуші, Алушы, тиісінше, көрсетілген шотты алғаннан кейін дереу оны төлеуге міндетті.

11.4. Төлем қызметтерін көрсету, Шартта көзделген өзге де қызметтерді көрсету процесінде туындайтын Төлеушінің, Алушының шағымдарын Эскроу-агент өзінің ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарайды. Төлеуші, Алушы телефон арқылы өтініш білдірген жағдайда, Эскроу-агент Төлеушінің, Алушының келісімін алған соң және бұл туралы әңгіменің басында хабарлаған соң телефон арқылы сөйлесуді жазуға құқылы.

Эскроу-агент кінәрат-талапты Төлеушіге, Алушыға жіберген жағдайда, Төлеуші, Алушы Эскроу-агенттен өз талабына жауап алған жағдайда, егер жауап Төлеушіні, Алушыны қанағаттандырмаса, Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы келіссөздер арқылы жағдайды реттеу үшін қажетті шараларды қолдануға міндеттенеді. Келіссөздер жүргізу тәсілі, орны Эскроу-агенттің, Төлеушінің, Алушының өзара келісімі бойынша белгіленеді.

Егер Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы келіссөздер жүргізу процесінде 5 (бес) жұмыс күні ішінде келісімге қол жеткізбесе, Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы дауды, келіспеушілікті шешу үшін, өз талабын қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының

сотына жүгінуге құқылы. Осы тармақта көрсетілген жағдайға байланысты Эскроу-агент, Төлеуші, Алушы өзара келісім бойынша мерзімін ұзартуға құқылы.

Сотта қаралатын талапқа, дауға қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

Төлеуші мен Алушы арасында жасалған шартты орындау бойынша, соның ішінде шарт бойынша төлем шарттары бойынша өзара кінәрат-талаптар Эскроу-агенттің қатысуынсыз Төлеуші мен Алушы тарапынан тікелей қаралады.

11.5. Шартқа қатысты барлық құжаттар Шарттың, «Onlinebank HALYK» жүйесінде қызмет көрсету шартының талаптарына, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалуы тиіс.

11.6. Шарт заңдық күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде жасалды.